

Қызылқоға аудандық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы Қызылқоға аудандық мәслихатының 2018 жылғы 2 ақпандағы № XXI-1 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 20 ақпанда № 4061 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27 бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7 бабына сәйкес, аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Аудандық мәслихаттың келесі шешімдерінің күші жойылды деп танылсын:

1) Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 14 желтоқсандағы № VIII-7 "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Қызылқоға ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін және жер салығының базалық мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3762 санымен тіркелген, 2017 жылғы 23 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі;

2) Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 6 желтоқсандағы № XVIII-1 "Қызылқоға ауданының жайылымдарды басқару және оларды пайдалану жөніндегі 2017-2018 жылдарға арналған жоспарын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4018 санымен тіркелген, 2018 жылғы 4 қаңтарда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) шешімі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау "Қызылқоға аудандық мәслихат аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелсін (К. Кумаров).

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді, ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы
Мәслихат хатшысы*

*Н. Бижанов
Т. Бейсқали*